



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫ
(Филология факультеті, Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы)



АҚТӨБЕ, 2026

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

**ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Редакциясын басқарған Л.Ч.Карабасова

**Ақтөбе
2026**

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (№__хаттама, 2024 ж.).

Элективті модульдер каталогы. 2026-2027 оқу жылы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2024. – 25 б.

Каталог білім беру бағдарламаларының жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің таңдау компоненттері тізбелерінен, таңдау компоненттерінің қысқаша сипаттамаларынан тұрады.

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Филология факультетінің студенттеріне арналған және білім бағдарламалары бойынша оқу траекториясын анықтау үшін дайындалған.

Баспаға жауаптылар: Ш.Абдирова, Г.Ғ.Ермекбаева.

**© Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті, 2025.
030000, Ақтөбе қаласы,
Ә.Молдағұлова даңғылы, 34**

ТҮСІНІК ХАТ

Элективті модульдер каталогы (ЭМК) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Академиялық сапаны арттыру департаментінде жасақталды.

Білім бағдарламалары бойынша Типтік оқу жоспарларында студенттерге жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің міндетті компоненттерімен қатар таңдау компоненттерінің ауқымы ұсынылады. Каталог білім беру траекториясын анықтауда маңызды құжат болып табылады.

Құрметті студент!

Каталогта Жалпы білім беру (ЖБП), Базалық (БП) және Кәсіптендіру (КП) пәндері циклындағы таңдау компоненттері жинақталған. Сонымен қатар, пәндерді қолданудың бірыңғай жүйесі сақтала отырып, әр таңдау пәнінің шифрі, мақсаты, пререквизиттері мен постреквизиттері, пәннің қысқаша мазмұны, пәнді оқып-меңгеруге бөлінген кредит мөлшері мен оқу семестрі және Дублиндік дескрипторлар мен күтілетін нәтижелер көрсетілген.

Каталог Сізге пәндерге қатысты қажетті мәлімет алуыңызға және өзіңіздің жеке оқу жоспарыңызды дұрыс құруыңызға көмегін тигізеді. Пәндерді таңдау кезінде факультет деканатынан немесе эдвайзерден көмек сұрауыңызға болады.

Сәттілік тілейміз!

Мамандық атауы және шифры: 6В01705-Қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті

Оқу мерзімі: 4 жыл

3-курс

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
7. Модуль - Әдебиет, тіл тарихы және оқыту әдістемесі (30 академиялық кредит)				
БП ЖК	EDKAT 3214	Ежелгі дәуірден ХІХ ғасырға дейінгі қазақ әдебиетінің тарихы	5	5
КП ЖК	BBITTsR 3301	Білім берудегі ІТ және цифрлық ресурстар	5	5
КП ЖК	КТАОА 3302	Қазақ тілі мен әдебиетінің оқыту әдістемесі	5	5
КП ЖК	ОТАОА 3303	Орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі	5	5
КП ЖК	ВВМК 3304	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	5	5
КП ЖК	ОТАОІТ 3305	Орыс тілі мен әдебиетін оқытудың инновациялық технологиялары	5	5
8. Модуль -Бағалау технологиясы, әдебиет теориясы және билингвизм мәселесі (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	ВОТ3306	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	6	5
КП ЖК	КТАZhBB BO 3307	Қазақ тілі мен әдебиетін жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқыту әдістемесі	6	5
БП ЖК	КА 3215	XX-XXI ғ.басындағы қазақ әдебиеті	6	5
БП ЖК	ОА 3216	XX-XXI ғ.басындағы орыс әдебиеті	6	5
КП ЖК	КВВКВ 3308	Қазіргі білім беру кеңістігіндегі билингвизм	6	4

7-модуль - Әдебиет, тіл тарихы және оқыту әдістемесі

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Ежелгі дәуірден ХІХ ғасырларға дейінгі қазақ әдебиетінің тарихы

Бағдарлама авторы: Ташимбаева С.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Бұл пәннің мақсаты – студенттерді қазақ әдебиетінің ежелгі түркі жазба ескерткіштерінен бастап, ХІХ ғасырдағы реалистік бағыттағы ақын-жыраулар шығармашылығына дейінгі тарихи-көркемдік дамуы мен негізгі кезеңдерімен таныстыру. Студенттер әдебиеттің тарихи контекстегі көркемдік табиғатын, ұлттық руханият пен дүниетаным қалыптасуындағы орнын түсінеді. Сонымен қатар, әдебиеттегі дәстүр жалғастығы мен жанрлық-стильдік ерекшеліктерді саралауға машықтанады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән қазақ әдебиетінің ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы қарастырады, заманымыздан бұрынғы сақ, ғұн, түркі әдебиеті мұралары, тұлғалары зерттеліп, ескі ескерткіштерге мәтіндік негізде жұмыстар жүргізеді. Аталған дәуірдің бағыттары, бөлімдері негізінде ғылыми-филологиялық талдаулар жасалып, көне түркілік көркем сөзбен өрнектелген ой-жүйені, олардың тағылымдық қасиетін ұғынады. Пәнді игеру барысында студенттер әдебиетіміздің көне қатпары – сақ-ғұн-түркі дәуіріндегі үлгілерімен танысады.

Пререквизиттер: Халық ауыз әдебиеті, Ұлттық руханият

Постреквизиттер: Әдебиет теориясы, ХХ және ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-1 Тіл білімі мен әдебиеттану саласы, әдебиет тарихы, менеджмент және көшбасшылық бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін, түсінеді, көрсете біледі, оны кәсіби деңгейде қолданады.

ОН-4 Әдебиет тарихын, салғастырмалы тіл біліміне қатысты мәселелерді, оқылатын тілде әдеби көркем сөйлеу, осы тілдегі ауызша және жазбаша қарым-қатынастың негізгі әдістері мен тәсілдерін, бағалаудың өлшемдік технологияларын игереді.

А) Ежелгі дәуірден бастап ХІХ ғасырға дейінгі қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін, көрнекті өкілдері мен шығармаларының мазмұндық, жанрлық ерекшеліктерін меңгереді; әр кезең әдебиетінің тарихи-мәдени негіздерін түсінеді және ұлттық әдеби мұраның рухани құндылық ретіндегі орнын бағалайды.

В) Әдеби шығармаларды тарихи, мәдени және идеялық контексте қарастыра отырып, жыраулық поэзия мен классикалық дәуірдегі әдеби туындылардың тақырыптық-идеялық мәнін ғылыми тұрғыда талдай алады.

С) Әдеби мұралардың дүниетанымдық, философиялық, адамгершілік мазмұнын сараптай отырып, көркемдік құралдар мен стильдік ерекшеліктерді анықтайды; әдеби мәтіндерді заманауи ғылыми әдістер арқылы талдауға машықтанады.

Д) Эссе, ғылыми баяндама, шолу және зерттеу жобаларын әзірлеу арқылы сыни ойлау, дербес тұжырым жасау, логикалық дәлелдер келтіру және шығармашылық ізденіс дағдыларын дамытады.

Е) Цифрлық білім беру платформаларын (ChatGPT, MozaWeb 3D, Canva, Venngage, Artsteps және т.б.) пайдалана отырып, ежелгі және классикалық әдебиет негізінде танымдық мазмұндағы жобалар дайындайды; бұл құралдардың әдебиет оқыту мен зерттеудегі тиімді тәсілдерін саралап, сандық сауаттылығын арттырады.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Білім берудегі ІТ және цифрлық ресурстар

Бағдарлама авторы: Айтбенбетова А.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: Оқу процесін тиімді, қызықты әрі қолжетімді ету арқылы тіл үйрену мен әдеби шығармаларды терең түсінуді қамтамасыз ету. Бұл ресурстар оқушылардың оқуға деген мотивациясын арттырып, олардың тілдік дағдыларын заманауи технологиялардың көмегімен жетілдіруге мүмкіндік береді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пәннің мақсаты - қоғамда бәсекеге қабілетті, әрі цифрлық сауаттылығы қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру, болашақ педагогтерге заманауи жаңа цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қашықтықтан оқытуда пайдалануды меңгерту. Жаһандану заманында цифрлық қоғам мен білім беруді цифрландыру және электрондық оқыту (e-learning) жүйесін педагогтердің қашықтықтан білім беру біліктілігін арттырады, педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық құзырлығы қалыптасады, онлайн интерактивтік дәрістерді, инновациялық технологияларды, жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім беру үрдісіне қолдана алады. Электрондық портфолионы толтыру алгоритмін үйренеді, электрондық оқыту жүйесінің платформаларымен жұмыс жасау деңгейі қалыптасады.

Пререквизиттер: Педагогика, Инклюзивті білім беру

Постреквизиттер: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-5 Тіл білім және әдебиет тарихы, оқыту әдістемесі, оқытудың жаңа технологиялары бойынша озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады.

ОН – 6 Кәсіби қызметке және магистратурада оқуды жалғастыруға қажетті тіл білімі мен әдебиеттану, әдебиет теориясы бойынша жаңа білімді, ұлттық рухани құндылықтарды, тіл заңдылықтарын, жасанды интеллект жетістіктерін, құқық негіздері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет талаптарын, өмір қауіпсіздігі және жас ерекшелік физиологиясы негіздерін меңгереді.

А) Білім алушы тіл білімі мен әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, оқыту әдістемесі және оқытудың жаңа технологиялары саласындағы озық ғылыми нәтижелерді, ұлттық рухани құндылықтарды, тіл заңдылықтарын, жасанды интеллект жетістіктерін, құқық негіздерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет талаптарын, өмір қауіпсіздігі мен жас ерекшелік физиологиясы негіздерін меңгереді.

В) Алған теориялық білімдерін кәсіби қызметінде тиімді қолданып, оқыту үдерісінде заманауи әдістер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды еркін пайдаланады.

С) Ғылыми ақпараттарды талдап, тілдік және әдеби құбылыстарға сыни тұрғыдан баға береді, кәсіби шешімдер қабылдауда этикалық және құқықтық нормаларды ескереді.

Д) Кәсіби салада өз ойын жүйелі жеткізіп, ғылыми және педагогикалық ортада тиімді қарым-қатынас жасай алады, ақпаратты әртүрлі аудиторияға түсінікті түрде ұсынады.

Е) Өздігінен білім алу дағдыларын дамытып, кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіреді, магистратурада оқуын жалғастыруға дайын болады.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Қазақ тілі мен әдебиеттің оқыту әдістемесі

Бағдарлама авторы:

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ мұғалімдері қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде қолданып жүрген жаңа технологияларды меңгеруге, оқытудың әдіс-тәсілдерін келешек кәсіптерінде қолдана білуге үйрету болып табылады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Бұл пән қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін қарастырады; Оқыту технологияларымен, сабақтың формалары мен түрлерімен, оқыту әдістерімен таныстырады. Қазақ тілі мен әдебиетін оқуға қызығушылықты оятатын заманауи білім беру технологияларын саналы түрде таңдауды жүзеге асыруға адайындайды; қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тұжырымдамалық-әдістемелік тәсілдеріне тұтас көзқарас қалыптастырады.

Пререквизиттер: Педагогика, Инклюзивті білім беру

Постреквизиттер: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-5 Тіл білім және әдебиет тарихы, оқыту әдістемесі, оқытудың жаңа технологиялары бойынша озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық коммуникациялық технологияларды

өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады.

- A) Тіл білім және әдебиет тарихы, оқыту әдістемесі, оқытудың жаңа технологиялары бойынша озық ғылыми нәтижелерді игереді.
- B) Алған білімдерін кәсіби қызметінде тиімді қолданып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды еркін пайдаланады.
- C) Озық ғылыми нәтижелерді талдап, оларды кәсіби міндеттерді шешуде негізді түрде қолдану бойынша шешім қабылдайды.
- D) Ғылыми және кәсіби ортада ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, өз ойын нақты әрі жүйелі жеткізеді.
- E) Оқыту әдістемесі мен жаңа технологиялар саласында өз білімін үздіксіз жетілдіріп, кәсіби дамуға ұмтылады.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі

Бағдарлама авторы:

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ мұғалімдері қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде қолданып жүрген жаңа технологияларды меңгеруге, оқытудың әдіс-тәсілдерін келешек кәсіптерінде қолдана білуге үйрету болып табылады

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі» пәні орыс тілінің оқыту әдістемесінің мазмұны мен құрылымын қарастырады. Мектептегі орыс тілі мен әдебиеті курсының мазмұны мен құрылымын сипаттайды. Орта мектептердегі орыс тілі мен әдебиетін оқытуда қолданылатын негізгі әдістер мен тәсілдерді меңгертеді. Күнтізбелік-тақырыптық және сабақ жоспарларының, сабақтың конспектілік жоспарларының құрылу ерекшеліктерін, сабаққа қажетті дидактикалық материалдарды, оқытудың әдіс-тәсілдерін қалай іріктеу керектігін айқындап береді.

Пререквизиттер: Педагогика, Инклюзивті білім беру

Постреквизиттер: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-5 Тіл білім және әдебиет тарихы, оқыту әдістемесі, оқытудың жаңа технологиялары бойынша озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады.

- A) Тіл білім және әдебиет тарихы, оқыту әдістемесі, оқытудың жаңа технологиялары бойынша озық ғылыми нәтижелерді игереді.
- B) Алған білімдерін кәсіби қызметінде қолданып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды еркін пайдаланады.
- C) Озық ғылыми нәтижелерді талдап, оларды кәсіби қызметінде тиімді қолдану бойынша негізделген шешімдер қабылдайды.
- D) Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, кәсіби ортада өз ойын анық және жүйелі жеткізеді.
- E) Оқыту әдістемесі мен жаңа технологиялар саласында білімін үнемі жетілдіріп, кәсіби дамуға ұмтылады.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

Бағдарлама авторы:

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерді білім беру саласындағы менеджмент пен көшбасшылық принциптерімен, заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдау дағдылары мен өзара қарым-қатынас жасау қабілеттерімен таныстыру; болашақ мамандардың көшбасшылық әлеуетін психологиялық-педагогикалық құрал ретінде дамытуға, білім беру көшбасшысы ретіндегі рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: "Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық" пәні білім беру жүйесіндегі негізделген қажеттілік ретінде еңбек нарығының заманауи талаптарына

жауап береді, нақты жағдайларды талдау және диагностикалау дағдыларын дамытады. Пәнді оқытудың мақсаты білім берудегі көшбасшылықты ұйымды басқару құралы ретінде қолдану аясында қарастыруға негізделген және болашақ мамандардың көшбасшылық әлеуетін психологиялық-педагогикалық құрал ретінде дамытуға, болашақ білім беру көшбасшысы ретіндегі білім алушының рефлексивті құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Пәнді оқу барысында білім алушы ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді, білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады және жетілдіріледі.

Пререквизиттер: Педагогика, Инклюзивті білім беру

Постреквизиттер: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-1 Тіл білімі мен әдебиеттану саласы, әдебиет тарихы, менеджмент және көшбасшылық бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін, түсінеді, көрсете біледі, оны кәсіби деңгейде қолданады.

ОН – 2 Кәсіби бағыттағы филологиялық, педагогикалық білімдерін еңбек нарығындағы нақты сұраныстарға, инклюзивтік білім беру бағытында, экономикалық талаптарға сай кәсіпкерлік мақсатқа және бизнес, менеджмент салаларына құқықтық нормалар аясында пайдаланады және қолданады

А) Тіл білімі мен әдебиеттану саласы, әдебиет тарихы, менеджмент және көшбасшылық бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін меңгереді және түсінеді.

В) Алған білімдерін кәсіби деңгейде тиімді қолданады.

С) Тілдік, әдеби және басқарушылық мәселелерді талдап, негізделген шешімдер қабылдайды.

Д) Кәсіби ортада өз білімін дәлелді түрде көрсетіп, тиімді қарым-қатынас жасайды.

Е) Өз білімін үнемі жетілдіріп, кәсіби дамуға ұмтылады.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Орыс тілі мен әдебиетін оқытудың инновациялық технологиялары

Бағдарлама авторы:

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттердің заманауи білім беру технологиялары саласында қосымша білім, білік және дағдылар алуына бағытталған білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру; олардың қарқынды өзгеріп жатқан білім беру кеңістігі жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуына ықпал ету; болашақ мұғалім-филологтардың заманауи мектеп жағдайында оқу үдерісін ұйымдастыруға практикалық тұрғыдан дайындығын қамтамасыз ету.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Оқытудың инновациялық әдістерінің пәні мен міндеттерін қарастырады. Белсенді және интерактивті оқыту әдістерінің теориялық және практикалық негіздерін сипаттайды. Белсенді және интерактивті оқытудың мазмұнын зерттейді. Интерактивті оқытудың әртүрлі әдістерін ашады. Оқу үдерісінде интерактивті оқыту әдістерін тиімді пайдалану туралы мәліметтерді қамтиды.

Пререквизиттер: Педагогика, Инклюзивті білім беру

Постреквизиттер: Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Қазақ тілі мен әдебиетін жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқыту әдістемесі

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-5 Владеет передовыми научными результатами по истории языкознания и литературы, методике преподавания, новым технологиям обучения, свободно использует информационно-коммуникационные технологии в своей профессиональной деятельности.

А) Владеет передовыми научными результатами по истории языкознания и литературы, методике преподавания и новым технологиям обучения.

- В) Применяет полученные знания в профессиональной деятельности, свободно используя информационно-коммуникационные технологии.
- С) Анализирует современные научные достижения и принимает обоснованные решения в профессиональной сфере.
- Д) Эффективно коммуницирует в профессиональной среде с использованием информационно-коммуникационных технологий.
- Е) Постоянно совершенствует свои знания в области методики преподавания и новых технологий обучения, стремится к профессиональному развитию.

8. Модуль -Бағалау технологиясы, әдебиет теориясы және билингвизм мәселесі

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Бағдарлама авторы:

Курсты оқытудың мақсаты: Критериалды бағалау технологиясының педагогикалық ұйымдастыру негіздерін айқындау; «Бағалау», «Бағалау жүйесі», «Бағалау өлшемдері» ұғымдарымен таныстыру; білім алушыларға оқыту нәтижесін бағалаудың қазіргі құралдары, білім беру процесіндегі бағалаудың орны мен ролі, критериалдық бағалау технологиясының моделі жайында түсінік беру, сонымен бірге, мектептегі білімнің сапасын көтеру үшін оқушылардың функциональдық сауаттылығын және әрбір оқушының оқу жетістігінің деңгейлерін қалыптастыру стратегиясын оқу, ойларын қалыптастырып, өз пікірлерін зерделеуге дағдыландыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Оқу-тәрбие процесінде білім алушылардың білім деңгейін анықтауда критериалды бағалаудың маңызы ерекше. Білім беру процесінде білім алушылардың білім көрсеткішін арттырумен қатар олардың жеке тұлғалық қасиеттері мен құзыреттіліктеріне, қоршаған ортада қарым-қатынас жасай білу қабілеттіліктеріне, өзін-өзі жетілдіру бағыттарына да үлкен мән беру қажет. Критериалды бағалау алдын ала белгілі өлшемдерге сәйкес білім алушының жеке оқуын түзетуге мүмкіндік беруді, оқу мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижеге жетуде білім алушылардың білімін бағалауды қамтиды. Критериалды бағалау сабақтың барлық кезеңінде жүзеге асырылып, интерактивті оқыпудың ұжымдық, топтық, жұптық түрлерінің барлығына өз тиімділігін көрсетеді.

Пререквизиттер: Педагогика, Инклюзивті білім беру, Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-2 Кәсіби бағыттағы филологиялық, педагогикалық білімдерін еңбек нарығындағы нақты сұраныстарға, инклюзивтік білім беру бағытында, экономикалық талаптарға сай кәсіпкерлік мақсатқа және бизнес, менеджмент салаларына құқықтық нормалар аясында пайдаланады және қолданады.

- А) Кәсіби бағыттағы филологиялық және педагогикалық білімдерді, еңбек нарығы талаптарын, инклюзивтік білім беру ерекшеліктерін, бизнес пен менеджмент негіздерін меңгереді.
- В) Алған білімдерін еңбек нарығындағы нақты сұраныстарға, кәсіпкерлік және кәсіби қызметте құқықтық нормалар аясында қолданады.
- С) Экономикалық және құқықтық талаптарды ескере отырып, кәсіби шешімдер қабылдайды.
- Д) Инклюзивтік және кәсіби ортада тиімді қарым-қатынас орнатып, өз ойын жүйелі жеткізеді.
- Е) Өз білімін үнемі жетілдіріп, кәсіби және кәсіпкерлік дағдыларын дамытады.

ОН-4 Әдебиет тарихын, салғастырмалы тіл біліміне қатысты мәселелерді, оқылатын тілде әдеби көркем сөйлеу, осы тілдегі ауызша және жазбаша қарым-қатынастың негізгі әдістері мен тәсілдерін, бағалаудың өлшемдік технологияларын игереді.

- А) Әдебиет тарихын, салғастырмалы тіл білімі мәселелерін, әдеби көркем сөйлеу ерекшеліктерін, ауызша және жазбаша қарым-қатынас тәсілдерін және бағалау технологияларын меңгереді.

- В)** Алған білімдерін тілдік және әдеби талдау барысында, сондай-ақ оқыту үдерісінде тиімді қолданады.
- С)** Тілдік және әдеби құбылыстарды салыстырып талдап, негізделген қорытындылар жасайды.
- Д)** Оқылатын тілде ауызша және жазбаша түрде сауатты, көркем және жүйелі қарым-қатынас жасайды.
- Е)** Тілдік және әдеби білімін жетілдіріп, бағалау технологияларын меңгеруді жалғастырады.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Қазақ тілі мен әдебиетін жаңартылған білім бағдарламасы бойынша оқыту әдістемесі

Бағдарлама авторы:

Курсты оқытудың мақсаты: Қазақ тілі мен әдебиетін жаңартылған білім бағдарламасы аясында оқытудың тиімді әдістемелерін меңгерту. Бұл пән студенттерді қазақ тілінің теориясы мен практикасын, әдебиеттанудың әдістемелік негіздерін терең түсінуге және оларды заманауи оқыту әдістері арқылы оқытуға дайындайды.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пән қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың қазіргі технологиясы, әдіс-тәсілдер, жаңа сабақ үлгілерін қарастырады. Жаңартылған тиімді әдістері бойынша білім беруді көздейді; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша игерген білімдерін бақылау және бағалау негіздерін игертеді, оқу дағдыларын қалыптастырады., Бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен құралдарды пайдалану арқылы жаңартылған білім бағдарламаларын қолдану дағдыларын дамытады.

Пререквизиттер: Педагогика, Инклюзивті білім беру

Постреквизиттер: ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН- 5 Тіл білім және әдебиет тарихы, оқыту әдістемесі, оқытудың жаңа технологиялары бойынша озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады.

- А)** Тіл білім және әдебиет тарихы, оқыту әдістемесі, оқытудың жаңа технологиялары бойынша озық ғылыми нәтижелерді меңгереді.
- В)** Алған білімдерін кәсіби қызметінде тиімді қолданып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды еркін пайдаланады.
- С)** Озық ғылыми нәтижелерді талдап, оларды кәсіби міндеттерді шешуде негізді түрде қолдану бойынша шешім қабылдайды.
- Д)** Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, кәсіби ортада өз ойын нақты және жүйелі жеткізеді.
- Е)** Оқыту әдістемесі мен жаңа технологиялар саласында білімін үздіксіз жетілдіріп, кәсіби дамуға ұмтылады.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: XX-XXI ғ.басындағы қазақ әдебиеті

Бағдарлама авторы:

Курсты оқытудың мақсаты: Қазіргі қазақ әдебиеті пәні бойынша алған білімдерін қазіргі заман әдебиетінің жанрлық түрлерін зерделеу үшін студенттердің арнайы дайындығының теориялық және практикалық негізін ескеру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Бұл курста студенттер XX - XXI ғасырдың басындағы әдеби мұра,басты өкілдерінің шығармашылық ғұмырбаянымен танысады. Діни-ағартушылық, ағартушы-демократтық, азатшылдық ағым, ҰОС және соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиет, 60-80 жылдардағы, тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті бағыттары, басты өкілдері қарастырылады. Студенттер ғасыр басындағы қоғамдық-әлеуметтік басты мәселелердің көркем шығармаларда көрініс табу заңдылығын тануды үйренеді, тарихи шындықтың көркем шындыққа айналу процесімен танысады.

Пререквизиттер: Ежелгі дәуірден XIX ғасырға дейінгі қазақ әдебиетінің тарихы

Постреквизиттер: Әдебиет теориясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-1 Тіл білімі мен әдебиеттану саласы, әдебиет тарихы, менеджмент және көшбасшылық бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін, түсінеді, көрсете біледі, оны кәсіби деңгейде қолданады.

А) Тіл білімі мен әдебиеттану саласы, әдебиет тарихы, менеджмент және көшбасшылық бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін меңгереді және түсінеді.

В) Алған білімдерін кәсіби деңгейде қолданады.

С) Тілдік, әдеби және басқарушылық мәселелерді талдап, негізделген шешімдер қабылдайды.

Д) Кәсіби ортада өз білімін көрсетіп, тиімді коммуникация орнатып, ақпаратты жүйелі жеткізеді.

Е) Өз білімін үздіксіз жетілдіріп, кәсіби дамуға ұмтылады.

ОН-4 Әдебиет тарихын, салғастырмалы тіл біліміне қатысты мәселелерді, оқылатын тілде әдеби көркем сөйлеу, осы тілдегі ауызша және жазбаша қарым-қатынастың негізгі әдістері мен тәсілдерін, бағалаудың өлшемдік технологияларын игереді.

А) Әдебиет тарихын, салыстырмалы тіл білімі мәселелерін, оқылатын тілде әдеби көркем сөйлеу ерекшеліктерін, ауызша және жазбаша қарым-қатынастың негізгі әдістері мен бағалау технологияларын меңгереді.

В) Алған білімдерін оқыту үдерісінде және тілдік-әдеби талдау кезінде тиімді қолданады.

С) Тілдік және әдеби құбылыстарды салыстырып талдап, негізделген қорытындылар жасайды.

Д) Оқылатын тілде ауызша және жазбаша қарым-қатынасты сауатты, көркем және жүйелі жүргізеді.

Е) Тілдік және әдеби білімін жетілдіріп, бағалау технологияларын меңгеруді жалғастырады.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: XX – XXI ғасырдың басындағы орыс әдебиеті

Бағдарлама авторы:

Курсты оқытудың мақсаты: 1890-жылдардан бастап қазіргі кезеңге дейінгі орыс әдебиетінің даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын қарастыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пәннің мақсаты – XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы әдеби үдерістің даму заңдылықтары туралы түсінік қалыптастыру; тарихи-мәдени үдеріс контекстінде жаңа типтегі көркем шығармаларды талдау дағдыларын дамыту; модерн дәуіріндегі жаңа әдебиетті талдау және интерпретациялау үшін қажетті ұғымдар мен терминдердің жүйесін қалыптастыру; зерттелетін кезеңдегі орыс әдебиетінің негізгі идеялық-эстетикалық бағыттарын көрсету.

Пререквизиттер: Ежелгі дәуірден XIX ғасырға дейінгі орыс әдебиеті тарихы

Постреквизиттер: Қазақ-орыс әдеби байланыстары (XIX ғ.)

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН – 1 Лингвистика және әдебиеттану, әдебиет тарихы, менеджмент және көшбасшылық салаларындағы озық білім элементтерін түсінеді, көрсетеді және оларды кәсіби деңгейде қолданады.

ОН – 4 Әдебиет тарихын, салыстырмалы тіл біліміне қатысты мәселелерді, оқытылатын тілдегі әдеби-көркем сөйлеуді меңгереді, сондай-ақ осы тілде ауызша және жазбаша қарым-қатынастың негізгі әдістері мен тәсілдерін, критериялды бағалау технологияларын игереді.

А) Лингвистика, әдебиеттану, әдебиет тарихы, менеджмент және көшбасшылық салаларындағы озық білім элементтерін түсінеді және меңгереді.

В) Алған білімдерін кәсіби деңгейде қолданады.

С) Тілдік, әдеби және басқарушылық мәселелерді талдайды, негізделген шешімдер қабылдайды.

Д) Кәсіби ортада өз білімін көрсетеді, тиімді қарым-қатынас жасап, ойын жүйелі түрде жеткізеді.

Е) Өз білімдері мен дағдыларын үнемі жетілдіріп, кәсіби дамуға ұмтылады.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Қазіргі білім беру кеңістігіндегі билингвизм

Бағдарлама авторы:

Курсты оқытудың мақсаты: «Қазіргі білім беру кеңістігіндегі билингвизм» курсының мақсаты студенттердің теориялық білімдерін кеңейту, лингвистикалық ілімнің негізгі қағидаларымен, жетекші тұжырымдармен, идеялармен таныстыру, билингвизм саласындағы зерттеулерде қолданылатын тәсілдерді игеру болып табылады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пән билингвизм мәнін түсінуді, оның пайда болуын, қазіргі білім беру кеңістігінде қостілді тұлғаның дамуын және қызмет етуін қарастырады. Оның типологиялық сипаттамасымен, қостілділіктегі (қазақ, орыс) өзара әрекеттесу үдерістерімен таныстырады. Билингвизмнің қалыптасуы мен қызмет етуінде ана тілінің рөлі мен орнын ашып көрсетеді. Билингвизмнің қалыптасуында тілдік, мәдени, психологиялық және әлеуметтік механизмдерін зерттеуге бағытталған.

Пререквизиттер: Қазіргі орыс тілінің фонетикасы мен лексикологиясы

Постреквизиттер: Қазақ-орыс тілдерінің салғастырмалы грамматикасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

ОН-3 Лингвистикалық бағыттағы және аймақтық, қазақ, орыс әдебиеті бойынша материалдарды жинаудың, аударматанудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді. Лингвистикалық бағыттағы және аймақтық, қазақ, орыс әдебиеті бойынша материалдарды жинаудың, аударматанудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді.

А) Лингвистикалық бағыттағы және аймақтық, қазақ және орыс әдебиеті бойынша материалдарды жинау, аударма жасау, мәтінді қажетті деңгейде түсіндіру бойынша базалық дағдыларды меңгереді.

В) Алған дағдыларын практикалық жұмыс пен кәсіби қызметте қолданады.

С) Жиналған материалдарды талдап, аударма және түсіндіруде негізделген шешімдер қабылдай алады.

Д) Мәтінді аударма және түсіндіру барысында өз ойын жүйелі және дәл жеткізе алады.

Е) Лингвистикалық және әдеби материалдармен жұмыс жасау дағдыларын үздіксіз жетілдіреді.

ОН-4 Әдебиет тарихын, салғастырмалы тіл біліміне қатысты мәселелерді, оқылатын тілде әдеби көркем сөйлеу, осы тілдегі ауызша және жазбаша қарым-қатынастың негізгі әдістері мен тәсілдерін, бағалаудың өлшемдік технологияларын игереді.

А) Әдебиет тарихын, салыстырмалы тіл білімі мәселелерін, оқылатын тілде әдеби көркем сөйлеу, ауызша және жазбаша қарым-қатынастың негізгі әдістері мен бағалау технологияларын меңгереді.

В) Алған білімдерін оқыту және тілдік-әдеби талдау үдерісінде қолданады.

С) Тілдік және әдеби құбылыстарды салыстырып талдай отырып, негізделген қорытындылар жасайды.

Д) Оқылатын тілде ауызша және жазбаша түрде сауатты, көркем және жүйелі қарым-қатынас жасайды.

Е) Тілдік және әдеби білімін, бағалау технологияларын үздіксіз жетілдіріп, кәсіби дағдыларын дамытады.